

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы
Амангелді орта мектебінің коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№ 1 «31» тамыз 2022ж.
Педкөрсеткіш қаралды

Бекітемін: 
Мектеп директоры: Ж.Ж. Сундетов



Келісемін: 

Ойыл аудандық білім бөлімінің
басшысы: С.Т. Меруенов

« » 2022ж.

№ хаттама

Тақырыбы: «Медиасауаттылық» тандау курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ
(8-сынып)

Құрастырушы: Мұқашова Гүлдаурен

Ә/Б отырысында қаралды: 

Бірлестік жетекшісі: Г. Умбетова

№ 1 «АБ» 08 2022ж.

Тексерілді: 

Оқу ісінің орынбасары: С.К. Дүйсеғалиева

2020-2023 оқу жылы

Құрастырушы:

Мукашова.Г.К - биология пәні мұғалімі

Пікір берушілер:

Үмбетова Г.А– жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі

Пікір.

Курс бағдарламасы "Медиасауаттылық" факультативті курсының бұл жұмыс бағдарламасы жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес жасалған және оқушылардың бойында коммуникация құралдарын қауіпсіз пайдалануға қажетті құзіреттерді қалыптастыруға, өз көзқарасын білдіруге, жеке танымын қалыптасыруға, өмір бойы ізденуге, оқуға жаңа білім алуға машықтануға көмектеседі. Курстың функциялары баспасөздерде жазылған, теле және радиобағдарламаларда, кинофильмдерде айтылған, интернетте және басқада ақпарат көздерінде жарияланған ақпаратты зерделеп, талдап сараптап, сыни бағалап және іріктей алуға және әртүрлі коммуникация құралдарындағы хабарламалардың шығу мақсаты мен себептерін түсініп, осыған байланысты сенімді ақпаратты тандай алуға, көпшілікке арналған ақпаратты сондай-ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін саналы түрде әрі тиімді пайдалана білуге, ақпараттық хабарламаларды әртүрлі формада дайындай алуға, бұқаралық ақпарат құралдары мен медианың рөлін бағалап, олар бетпе-беткелетін қатерлерді түсіне білулеріне және танысуға бағытталған.

Курста бірнеше ауызша және жазбаша әдіс-тәсілдер (эссе, тренингтер және зерттеу жұмыстар) қолдану көзделген. Курс аптасына 0,5 сағат, жылына 18 сағат.

Бірлестік жетекшісі:

Үмбетова Г.А.

Түсінік хат

Қазіргі демократиялық қоғамда медианың (коммуникация құралдары) қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі өте үлкен. Медианың негізгі міндеті – азаматтарға елде және әлемде болып жатқан оқиғалар жайында ақпарат беру. Қазіргі заманда сауатты адамның оқи алуы, санай алуы және жаза алуы аздық етеді. Әртүрлі медиа мен түрлі ақпараттық арналар арқылы ақпарат келіп түседі. Оқушылардың ақпаратты табу үшін, пайдалы қырынан пайдалану үшін, сыни тұрғыда ойлап-қорыту үшін қабілет-қарымы жетпей жатады. Ол үшін **медиа және ақпараттық сауаттылық** деп аталатын дағдыны мықтап игеру керек. Біздің өмірімізді ақпараттық және коммуникациялық технологиялардан бөліп қарау мүмкін емес. Медиа сауатты адам болу үшін ақпаратпен және ақпараттық технологиялармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру керек. Жаңа ақпараттық технологиялардың ықпалынан коммуникация үрдісі де, адамдардың жүріс-тұрысы да біршама өзгерді. Қазіргі уақытта кез келген адам бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде контент жасауға қатыса алады, яғни өз бетінше ақпарат жазып, оны Интернетке жүктей алады. Бүгінгі таңда ең негізгі ақпарат көзі қызметін жаһандық желі атқарып отыр. **Медиа сауаттылық** – бейнелерді (образдарды), дыбыстарды және хабарламаларды алу, талдап-сараптау және бағалау қабілеті, сонымен қатар медиа әлемде жеке мақсаттарда дұрыс байланыс орнату қабілеті. Медиа сауаттылыққа мына құзіреттер жатады: ● Эстетикалық және шығармашылық: медиа контентті зерделеу, жасау және түсіндіру қабілеті. Бұл қабілеттерді оқушылар өз беттерінше медиа контент жасау арқылы қалыптастыра алады. ● Байланыс және коммуникация: медианың жәрдемімен қарым-қатынас орнату және түрлі медиа рөлдерді жобалай білу қабілеті, яғни ақпарат тұтынушы және ақпарат жеткізуші болып көру. Оқушылар бұған серіктестік орнату және тәжірбиелік тапсырмаларды орындау барысында үйренеді. Байланыс орнату дағдылары өз көзқарастарын білдіруге дағдылануға көмектеседі. ● Сыни ойлау және талдау: медиа формаларды және олардың мазмұнын әртүрлі талдау құралдарының көмегімен түсіну, түсіндіру және бағалау қабілеті.

- Қауіпсіздік: мәселелерді шешу және жағымсыз жағдайлардан аулақ болу. Интернеттегі қауіпсіздік туралы айтар болсақ, адамның жеке өміріне зиян келтіретін контенттен және қауіпті байланыстардан сақ болу керек.
- Медиа және ақпараттық сауаттылық – медианы, бұқаралық ақпарат құралдарын және басқа да ақпарат көздерін (кітапхана, мұрағат, мұражай) тиімді пайдалану қабілеті. Бұл сыни ойлау және өмір бойы оқу, іздену, білім алу дағдыларымен байланысты. Бұлар – азаматтық қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін өте қажетті дағдылар.

«Медиасауаттылық» таңдаулы курсының мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтиже :

Оқушылардың бойында коммуникация құралдарын қауіпсіз пайдалануға қажетті құзіреттерді қалыптастыру, өз көзқарасын білдіруге , жеке танымын қалыптасыруға , өмір бойы ізденуге , оқуға жаңа білім алуға машықтануға көмектесу.

-Баспасөздерде жазылған, теле және радиобағдарламаларда, кинофильмдерде айтылған, интернетте және басқада вкпарат көздерінде жарияланған ақпаратты зерделеп, талдап сараптап, сыни бағалап және іріктей алатын болуы керек; -Әртүрлі коммуникация құралдарындағы хабарламалардың шығу мақсаты мен себептерін түсініп, осыған байланысты сенімді ақпаратты тандай алулары керек.

-Көпшілікке арналған ақпаратты сондай-ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін саналы түрде әрі тиімді пайдалана білулері керек.

- Ақпараттық хабарламаларды әртүрлі формада дайындай алулары қажет;

-Бұқаралық ақпарат құралдары мен медианың ролін бағалап, олар бетпе –беткелетін қатерлерді түсіне білулері керек.

Мақсаты: Оқушылардың бойында коммуникация құралдарын қауіпсіз пайдалануға қажетті құзіреттерді қалыптастыру, өз көзқарасын білдіруге , жеке танымын қалыптасыруға , өмір бойы ізденуге , оқуға жаңа білім алуға машықтануға көмектесу.

Міндеттері:

-медиа мәтіндерді (медиа ақпарат) жекешелендіруге және түсіндіруге , әртүрлі тәсілдермен тәжірибе жасауға , медиа өнімдер дайындауға үйрету;

-медиа хабарламалардың ақпараттық мазмұнын талдау, түсіну, қабылдау, бағалау қабілетін дамыту;

-сыни ойлау және ақпараттың сапасын бағалау қабілетін дамыту;

Өткізу формасы: интерактивті , оқушылардың белсенді қатысуымен лекция, практикалық жұмыстар.

Күтілетін нәтиже:

-көпшілікке арналған ақпараттың жеке тұлғаға , қоғамға , мәдениеттің қалыптасуына ықпалын түсінеді. Сөз бостандығына жауапкершілікпен қарайды, оның шегін біледі. Бұқаралық ақпарат құралдарын таратқан ақпараттың мазмұнын оқиға мен құбылыстардың берілуін сыни тұрғыда қабылдай алады.

Мазмұнды бөлім (5 сағат)

Бірінші бөлімде Медиа тарихы: ХХІ ғасырға қалай жеттік- медиа коммуникация теориясының Торонталық мектебінің негізгі термині. Бұл латын тілінен орташа немесе делдал деп аударылады. Медиа ақпаратты беру тәсілдерін түзетін ортаны қамтитын түсінік. Қоршаған ортаны зерделеуге деген көзқарас. Медиа сауат – бұл цифрлық технологиялар ғасырындағы қажетті дағды. Бұл әр түрлі медианы жақсы шарлау және олардың мәнін түсіну мүмкіндігі. Бұл дағдылар Жасөспірімдер үйлерінің тәрбиеленушілері мен түлектеріне оларды әлеуметтік бейімдеу және дербес өмірге дайындау аясында қажет. Бұл оқу құралы тәрбиешілерге оқу процесін нақты жағдайларды модельдейтін ойын түрінде ұйымдастыруға көмектеседі. Оқу құралы екі бөлімнен тұрады: сипаттамалық және толық оқу процесін ұйымдастыруға көмектесетін презентациялық. Бұл құрал Жасөспірімдер үйлерінің базасында медиа сауат сабақтарын өткізуге арналған «Мен – медиа!» білгірлер клубы» оқу-әдістемелік кешенінің бір бөлігі.

Медиаөріс пен медиа сауат (3 сағат) медиа сауаттылық-медиа мәтіндерді түсіну және талдау, оларды құру мүмкіндігі. Терминнің кең мағынасындағы сауат дегеніміз – белгілі бір тілде оқу мен жазу қабілеті ғана емес, сонымен қатар грамматика мен емле нормаларына сәйкес жаза білу. Компьютерлік сауат – компьютерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру. Ақпараттық сауат – компьютерде жұмыс істеу, сонымен қатар ақпаратты іздеу және өңдеу дағдылары. Медиа сауат – түрлі медиадағы хабарламаларды түсіну, талдау, бағалау және құру

Формалық логика: жассарбаз курсы..

Медиа мен жарнама (10 сағат)

БАҚ-ТЫҢ ҚЫЗМЕТІ (МАҚСАТТАРЫ): • Ақпараттық – әртүрлі әлеуметтік маңызы бар ақпараттарды ұсыну. • Тәрбиелік – адамдарды белгілі бір құндылықтар, нормалар, мінез-құлық үлгілеріне баулу. • Бақылау – билік органдарының қызметін талдау және бағалау. • Насихат – ереже бойынша, біржақты немесе бұрмаланған ақпараттар арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыру, бұқаралық санаға әсер ету. • Көңіл көтеру – релаксацияға, ләззат алуға, проблемалардан алшақтатуға арналған материалдарды ұсыну. • Жарнама – аудитория арасында белгілі бір қажеттілікті, тілектерді, мотивацияны қалыптастыру. Жарнама әлеуметтік (әлеуметтік маңызды идеяларды, құндылықтарды, мінез-құлықты насихаттау, білім беру функциясымен қиылысу) және коммерциялық (белгілі бір өнімді немесе қызметті сатып алуға итермелеу) болуы мүмкін.

**Медиасауаттылық пәні бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспар
8-сынып(34 сағат, аптасына 1 сағат)**

Бөлімдер	№	Тақырыптар	Саны	Мерзімі
		I жарты жылдық		
Медиа тарихы: ХХІ ғасырға қалай жеттік	1	Адамзат коммуникациясы – ым-ишарадан жазуға дейінгі жол	1	6.09
	2	Медианың даму тарихы	1	20.09
	3	Ақпаратты түрлендіру құралдарының эволюциясы.	1	4.10
	4	Компьютер мен интернеттің дамуы.	1	18.10
	5	Медиа түрлері	1	08.11
Медиаөріс пен медиасауат	6	Қазіргі заманғы мифтер: жалған теориялар мен жалған ғылым	1	22.11
	7	Медиа әлемі	1	06.12
	8	Медиа әлемі мен медиасауат	1	20.12
		II жарты жылдық	10	
Формалық логика: жассарбаз курсы..	1	Манипуляция түрлері және олармен күрес тәсілдері. Манипуляция және онымен күрестің тарихы	1	10.01
Медиа мен жарнама	2	Логикалық құлықтар (қателер) жіктемесі. Petition principle түрлер	1	24.01
Киберқауіпсіздік	3	Жарнама мен медиа .Жарнаматарихы.	1	07.02
	4	Визуал материал түрлері.Жарнаманың функциялары	1	21.02
	5	Интернет пен әлеуметтік желідегі қатерлер.	1	07.03
	6	Әлеуметтік желіде туындауы мүмкін проблемалар. Әлеуметтік желідегі аккаунтымызды қалай қорғаймыз?	1	28.03

	7	Парольді қолдануға қатысты кеңестер . Аккаунттарыңа бөтен компьютерден кірудің қаупі	1	11.04
	8	Проблемалардың қайнаркөздері. Жарнама берушілер	2	25.04 16.05
	9	Цифр әлеміндегі қылмыскерлерден қалай қорғанамыз? .	1	30.05

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зазнобина Л.С. Бастауыш жалпы және орта жалпы білім берудің гуманитарлық және жаратылыстану пәндеріне интеграцияланған медиа білім беру стандарты. М., 2005.
2. Федоров А.В., Новикова А.А. Жетекші батыс елдеріндегі медиа білім. Таганрог: Кучма баспасы, 2005 ж
3. <https://newreporter.org/uchebnoe-posobie-po-mediagramotnosti/>
4. <https://factcheck.academy/kz/медиа-и-информационная-грамотность-у/>
5. https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000192971_rus РЕСУРСТАР:
6. <https://www.youtube.com/channel/UCDZxthlPamiS9bYBTHKpb7Q>
7. <https://vk.com/threedotsca> <https://www.facebook.com/threedotsCA/>
8. <https://www.instagram.com/threedotsca/>
9. Вирустарға сілтемелерді тексеру қызметі - <https://vms.drweb.ru/online>
10. Құпия сөздің беріктігін тексеру қызметтері: - Менің құпиясөзім қаншалық қауіпсіз? <http://howsecureismypassword.net>
- Strength Test <http://rumkin.com/tools/password/passchk.php> - Kasperskyде құпиясөз тексеру <https://password.kaspersky.com/ru> Кодтарды генерациялау қосымшасы – Google Authenticator
11. ФИЛЬМДЕР: «Бірінші ойыншы дайындалсын», «Уақыт»
12. «Информатика», Остеровский В.А -2000 ж.
13. «Тілдерді бағдарламалау» Бочков С.А, Суботин Д.М -2009 ж
14. «Excel -2016, Windows-10» жұмыс жасау Долголаптаев В.Г -2020 ж
15. «Ғаламтор ресурстары» Bilim-al,Zharar.com,u-s.kz